

Бекітемін: *Сағи*
Мектеп директоры
Сагинбаева.Г.А

**«Күншалған ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 жылдың «Көбелек» шағын орталығының жыл бойы жүргізілген
тәрбие жұмысының есебі.**

Ортаңғы топ «Айналайын»
Тәрбиеші – Таханова, Ш.А
Топ құрамы- балалардың жалпы саны- 11.
Ұлдар – 4, қыздар – 7

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру арқылы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білімін қалыптастыру.

Міндеттері: Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы ортасын құру;
Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, сөйлеуді дамыту арқылы эмоция дағдыларын қалыптастыра тең бастапқы мүмкіндіктер беру;
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарымен және үлгілік оқу бағдарламасын» басшылыққа ала отырып жасақталған топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары, күн тәртібі, сабақ кестесі, ата-аналар жоспары бар. Биылғы оқу бағдарламасының өзгеруіне байланысты іс-әрекеттің бәрі ойын түрінде өткізілді. Таңертен баланы қабылдап ыстығын өлшеп көңіл күйін тексеріп аламыз. Таңертен балалармен топтық жұмыстар жүргізіледі, бұдан соң ертеңгілік жаттығулар жасалады. Оқу қызметі сағат 9:30дан басталып 10:00-да аяқталады. Оқу қызметінен соң балалар серуенге шығып, бақылау жұмыстары мен әр- түрлі қимылды ойындар ойнайды. Балалар серуеннен 11:30-да топқа оралады. 11:50-де Балалармен жеке жұмыс өтеді. 13:30-да балалардың үйге қайтуы.



Жыл барысында топта мерекелер аталып өтті. Қазан айында топта "Арайлы алтын күз" мерекелік ертеңгілік өтті. Балалар мен ата аналар белсене қатысып, мерекеміз ойдағыдай болды. Жеміс – жидек, көкөністердең әртүрлі мүсіндер жасалды, дәмді әсем безендірілген салаттар әкелінді. Балалар әдемі киімдерін киіп ойын ойнады, қыздар жапырақтар биін биледі. Балалар тақпақтарын айтты. Топтын ішін күз тематикасы бойынша безендірдім.



24-ші Қазан Республика күні қарсаңында өткен тәрбие сағаты.
Мақсаты: Балалардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. ҚР рәміздерін қайталап, еске түсіру.



7-ші наурыз

Халықаралық аналар мерекесіне орай тобымызда балалар аналар мен әжелерімізге, әпкелер мен қарындастарына арнап «Ана – біздің күніміз» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Балапандар аналар мен әжелеріне арнап би билеп өз өнерлерін көрсетті. Топта бірлесе жасаған сыйлықтарын аналарына тарту етті. Мерекелік іс-шаралардан бөлек дәстүрден тыс әртүрлі ойындар ойнады.



20-шы Наурыз «Қош келдің Әз Наурыз атты ертеңгілік» мерекесіне арналған іс-шаралар өткізілді. Ертеңгілікке балалар сай етіп киініп келді. Залдың іші қазақ киіз үйінің шаңырағы қойылып безендірілді. Ертеңгілік әнмен басталды. Балалар наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын айтты. Біздің «Айналайын» тобында берілген салт дәстүр. Ұлттық ойындар. Балалар ұлттық ойындардың бірнеше түрлерін қызығушылықпен ойнады. Соның ішіндегі ойындар Арқан тартыс. Қол күрес. Қыз қуу ойындары. Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Халықтың салт-дәстүрлерін түсіндіріп баулу. Мерекені сезіндіру болып табылады.



13-ші Желтоқсан

Тәрбие сағаты тақырыбы: «Еліміздің еркіндігі-Тәуелсіздік»

Мақсаты: Желтоқсан көрерілісінің сипатын насихаттай отырып, желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау: жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.



26-ші желтоқсан Тақырыбы: «Құтты болсын Жаңа жыл» атты ертеңгілігіміз өтті. Балалар мен шыршаны әдемі де сәнді безендірдік. Топта әдемі би қызықты ойындар өлеңдер айтылды. Қонаққа Аязатаның, Ақшақардың, Жалмауыз кемпірдің келгені балаларды өте қуантты. Балалар сыйлықтарын алып жаңа жыл мерекесі ойдағыдай өтті.



5-ші мамыр

Тақырыбы: 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні мерекесін балаларға түсіндірудің мақсаты. Балаларды 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесінің маңызымен таныстыру ; Отанды ,елді қорғау деген ұғымды қарапайым , жасына сай түсіндіру ;Әскерлердің, батырлардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу ;

Балалардың бойында патриоттық сезім, елге деген сүйіспеншілік қалыптастыру ;

Батырлыққа , ерлікке, тәртіпке , жауапкершілікке баулу;

«7 мамыр-біздің елімізді қорғайтын батыр ағаларымыздың мерекесі. Олар әскерде қызмет етеді , еліміздің тыныштығын сақтайды . Батыр болу –күшті ғана емес ,мейірімді,тәртіпті,еңбекқор болу».



«Айналайын» ортанғы тобында ертеңгіліктерден бөлек балалардың туылған күні белсенді түрде тойланып келеді. Балалардың туылған күн туралы мағұлмат беріп жақсы көңіл күй сыйланды. Әуенді би қимылдары мен билер орындалды.

Отбасында бала тәрбиесі ерекше орын алады. Ата-аналар мен сұхбаттар, кеңес беру, әңгімелесу, іс-шараларға қатыстыру сияқты көптеген жұмыстар атқарылды. Балалар өздеріне қызмен жасауды біледі. Өз бетінше әрекет ету, тапсырмаларды орындау жұмыстарын жүргізе алады. Топтағы санитарлық гигиеналық жағдай қанағаттанарлықтай. Жиһаздар балалардың бойына сәйкес орналасқан.Топтын іші жарықтанған, терезелерден жарық жақсы түсіп тұр. Келесі оқу жылына дидактикалық материалдарды толықтыру , жаңарту жоспарлануда.